

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ**



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(2022 жылы оқуға қабылданғандарға арналған)**

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 6B02202-Дінтану

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «6B02202-Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры



Кредиттердің жалпы көлемі: 240 кр / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

АЛМАТЫ, 2022

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы

Әзірлеушілер:

Аты-жөні	Қызметі мен ғылыми дәрежесі	Қолы
Рыскиева А.А.	филос.ғ.к., кафедра меңгерушісі	
Затов К.А.	филос.ғ.д.	
Шағырбай А.Д.	PhD доктор. Философия, саясаттану және дінтану институты. Дінтану орталығының директоры. Жұмыс беруші өкілі	
Баракбаева Т.А.	Нұр-Мұбарак ЕИМУ. Білім алушы	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Махмет М.	Магистр, аға оқытушы. Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Адилбаева Ш.А.	PhD доктор. Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Сатершинов Б.М.	филос.ғ.д., профессор. Философия, саясаттану және дінтану институты. Бас ғылыми қызметкер.	
Хамзеева Б.	филос.ғ.к.	

Білім беру бағдарламасы дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 4 «17» 11 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі А.А. Рыскиева 

Ислам ілімдері факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 4 «18» 11 2022 ж.

Факультет деканы Мұхаммед Абдульмаксуд 

Университеттің академиялық комитет кеңесінде келісілді.

Хаттама № 4 «25» 11 2022 ж.

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 4 «28» 11 2022 ж.

ДІНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы әлемдегі діндерге қатысты білімге ие, діни саладағы өзекті тақырыптардан хабардар, даулы мәселелердің шешімін таба білетін, тарихи және заманауи түрлі дереккөздерді еркін пайдаланып, жүйелей алатын, мемлекеттік және әлемдік деңгейдегі дінге қатысты жағдаяттардан хабардар және соларға қатысты пікірталастарға қатысып, ойын жеткізе алатын мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасы білім алушының жан-жақты дамуын, білікті маманға, құзіретті тұлғаға айналуын мақсат ретінде көре отырып, дінтанулық зерттеулерді жүргізуде маңыздылығы ерекше тіл біліміне, далалық зерттеу әдістеріне, тәжірибе жинақтауға баса назар аударады. Білімгердің толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үшін маңызды болған түрлі білім салаларын қамтып, хабардар болуына және оны іс жүзінде қолдана білуіне ықпал етеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Дінтану» білім беру бағдарламасын игеріп, бакалавр дәрежесін алған білім алушы қоғамдағы өзекті әрі маңызды тақырыпқа айналып отырған дінге қатысты кез келген салада қызмет атқара алатын құзіретті маман болып шығады. Қоғамда дін негіздерін түсіндіріп, діни ұстанымдарды айқындап, дінге қатысты шиеленіскен жағдайларды шеше білетін білікті мамандарға сұраныс өте жоғары болып отыр. Жаңа әрі жат діни ағымдардың құрбанына айналған азаматтардың қайта әлеуметтенуіне, психологиялық тұрғыда сауығып, өмірге, дінге қатысты көзқарасының қалыпты арнаға ойысуына оңалту орталықтарындағы дінтанушы мамандардың тигізер ықпалы зор. Дін материалдық дүниеге емес, рухани түйсікке қатысты ұғым болғандықтан, діни сала қызметкерлері де сыңаржақ пікірден аулақ, төзімділік ұстанымдарына, талаптарына жауап бере алатын көзқарасы кең, жан-жақты білімді маман болуы керек. Бұл білім беру бағдарламасын меңгеріп шыққан білім алушы мемлекеттік қызметкер, тәуелсіз сарапшы, діни қызметкер ретінде де еркін еңбек етіп, қазіргі кезеңдегі жұмыс берушілердің басты талаптарына жауап бере алатын білікті маман атанады. Сол себепті түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуі қоғам талабына, еңбек нарығының сұранысына сай өте жоғары көрсеткіштерге жетуде.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Дінтану ғылымының теориялық және практикалық білімін терең меңгерген, кешенді зерттеу әдістері мен әдіснамаларын сауатты пайдалана алатын, өз саласы бойынша заманауи қоғамдағы бәсекеге сай, мемлекет және дін қатынасының тұрақтылығына мүдделі, дінтану саласында ғылыми-педагогикалық, сараптамалық-зерттеулік және басқармалық қызметті бакалавр деңгейінде кәсіби жүзеге асыратын дінтанушы кадрларды дайындау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен қарау және әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді толеранттылық негізде қабылдау;
- (НҚ2) Ғылыми әдебиетті талдау және аннотациялау қабілетіне және қызметтік құжаттар мен іскерлік хат алмасуды дайындау;
- (НҚ3) Ойлау мәдениетін қалыптастырып, жазба және ауызекі тілде ойлау белсенділігінің нәтижесін сауатты түрде рәсімдеп, жеткізу;
- (НҚ4) Болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түйсініп, кәсіби қызметін жүзеге асыруда жоғары деңгейлі мотивация;

- (НҚ5) Кәсіби міндеттерді шеше алуға қабілетті болатындай деңгейде бір шет тілін діндер тарихын, теорияларын меңгеріп шығу;
- (НҚ6) Базалық дінтанулық мәліметтерді түсініп, сыни түрде талдап, жеткізу;
- (НҚ7) Қазіргі діни үрдістер мен үдерістерді, әлемдік, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің дамуы мен даму перспективаларын, діни ілімдердің эволюциясының негізгі бағыттарын сипаттау;
- (НҚ8) Діндерді тарихына, моралдық-этикалық құндылықтары мен тұжырымдарына қарай классификациялауға және олардың қазіргі кездегі діни-этикалық проблемаларын талдау.

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

1. Алғашқы наным-сенімдер, әлемдік, ұлттық діндердің және жаңа діни қозғалыстардың пайда болу, қалыптасу және таралу кезеңдеріне қатысты ғылыми біліктілігін бекіту. Діндердің қоғам және тұлға өміріндегі орнының өзгеруі алғышарттарын заманауи зерттеулердің аясында саралау. Діндер классификациясын жіктеу. Діннің қоғамдағы түрлі функцияларын анықтау, қоғаммен үйлесімді байланыстыру арқылы маңызын бағалау. Дінді тарихи, рухани, мәдени құбылыстармен сабақтастықта түсіндіріп, талдау;
2. Қоғамның діндарлықтың даму тенденцияларын болжау және бағалау. Діни сананың ерекшеліктерін талдау. Діннің ұлттық сананың қалыптасуындағы маңызын анықтау, діни сананың радикалдануының алдын-алудың қадамдарын жүзеге асыру. Діни тұлғаның психологиялық портретін анықтау. Діни және діни емес көзқарастардың қарым-қатынасында ынтымақтастық орнату. Салауатты өмір салтын ұстану, өзін-өзі үздіксіз дамытуға, сыни ойлауға, жаңа идеяларға ашық болу. Трансдисциплинарлық және кроссфункционалдылық қасиеттерін дамыту;
3. Тұтынушыға әлемдік бәсекеге сай, заманауи қоғамдағы діни мәселелердің ұтымды шешімдерін АКТ құзыреттіліктерін тиімді қолдана отырып әзірлеу. АКТ негіздемесі арқылы алынған нәтижелерді сараптау, жіктеу. Мәселелерді шешуде шетел тіліндегі ғылыми әдебиеттерді, дереккөздерді еркін қолдану, саралау, салыстыру, өзіндік нұсқаларды ұсыну. Шетел тілінде ауыз екі және жазбаша ойын сауатты негіздеу. Мемлекеттік іс-қағаздарды әзірлеу, өз ойын кез-келген форматта еркін, дәйекті, анық жеткізу;
4. Мемлекет және дін қарым-қатынасының тұрақтылығын өз деңгейінде мүдделі жүзеге асыру. Ынтымақтастық пен діни тұрақтылықтың қауіпсіздігін болжау. Дінаралық және конфессияшілік конфликттерді болдырмауда дін туралы мемлекеттік заңнаманы білікті қолдану;
5. Дін эволюциясының жалпы заңдылықтарын зерттеу, діндер дамуының ортақ заңдылықтарын айқындау. Дінтану саласының классикалық концепцияларын саралау. Сана және ұлттық, мәдени, саяси, моралдық құндылықтар жүйесін тұтынушыға байланыстыра ұсынуды әзірлеу;
6. Қоғам мен қоғамдық институттардың жұмысы, әлеуметтік өзгерістердің алғышарттары мен нәтижелері жайлы білім қалыптастыру арқылы қоғамдағы үдерістерді заманауи зерттеулердің негізінде талдау. Саяси билік пен идеологиялардың ерекшеліктерін анықтау. Мәдениет ұғымына қатысты танымға ие болу арқылы жаһандық мәдениет пен мәдени ықпалдастық терияларын түсіну және қазіргі мәдени өзгерістерді түсіндіру;
7. Тәуелсіз Қазақстанда зайырлы, діни толерантты қоғамның дамуына бағыттайтын дінтанулық ғылыми жұмыстар, мақалалар, ғылыми зерттеулерді білікті әзірлеу, қорғау. Әлемдік дінтану саласындағы ақпараттарды саралау, салыстыра талдау, болжалды тәуекелдерді бағалау. Шетелдік дереккөздерді, заманауи технологияларды қабілетті қолдану;

8. Дінтану бағытындағы сапалы педагогикалық білімді практикада кәсіби жүзеге асыруға теориялық және практикалық білімдерін байланыстыру, бекіту. Тұтынушыға жүйелі білім ұсынудың әдіс-тәсілдерін қолдану;
9. Кәсіби саласында ақпараттық-түсіндіру қызметін жүзеге асыру. Теологиялық әдебиеттерді саралау, ислам теологиясының мәселелерінде аналитикалық және кеңес беру қызметтерін жүзеге асыру. Ислам тарихын, құндылықтарын және практикасын еркін талдау. Ислам дереккөздерімен түпнұсқада қорытынды жасау. Практикада ғылыми есеп әзірлеу, дайындау, атқарылған қызметін қорытындылау, талдау, нәтижесін бағалау. Белгісіздік режимінде сәйкесінше шешімдерді тез қабылдай білу. Дінтанулық сараптаманы негіздеу, талдау, әзірлеу. Діни және дінтанулық әдебиеттерді талдау әдістерін қолдану;
10. Діни оңалту қызметін тұтынушыларға рационалды түрде жеткізу, сыни ойлау әдістерін интерпретациялау, үйрету. Экстремизм мен терроризмнің алдын-алуда отан тарихы, дәстүр, ұлттық құндылықтар жүйесін базалық негіз ретінде қолдану.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын құзыреттіліктер	Оқыту әдістері
Жалпы білім беретін пәндер	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихының негізгі тарихи фактілері мен оқиғаларын білу және олардың ерекшеліктеріне (анализ) талдау жасау. Тарихи құбылыстарды түсіндіру және Қазақстан тарихының әртүрлі кезеңдері бойынша білімді жүйелеу. Қазақстан тарихының гуманитарлық білім жүйесіндегі және түркі өркениетінің дамуындағы рөлін түсіну. Қазіргі тарих ғылымының жетістіктерін салыстыра отырып, архив құжаттары мен материалдарды талдау. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру; Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тарихи оқиғаларды салыстыру және қазіргі әлемнің қауіп-қатерлеріне талдау жасау. Жаңашылдықтардың өзіндік ерекшелігін білу және қазақстандық даму жолына	Оқыту барысында білімгерді оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол білімгерлердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген, біліктілікке бағытталған оқыту; әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары; кейс стади; жобалар әдісі қолданылады.

		талдау жасау. Жаңа Қазақстандағы өзгерістердің мәнін түсіну және ҚР даму болашағын болжау.	
Философия	Білім алушы өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады. Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады.	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.	
Шетел тілі	Ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тілдік материалдарды пайдалануға қабілетті болады. Маман ретінде адам өміріне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдерді дұрыс қолдана біледі; сауатты, мәдениетті сөйлей алатындай дәрежеге жетеді; сөйлеу дағдысын одан әрі жетілдіріп, кез келген жағдаятта пікірін, ойын еркін жеткізе алады.	Грамматикалық аударма; Тікелей-қатынас әдісі; Коммуникативтік; Жобалау, Интерактивті; Шығармашылық; Проблемалық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі.	
Қазақ (Орыс) тілі	Лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабілетті болады.	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады.	
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады; нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді	Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексік тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс	

		технологияны таңдауды негіздей алады. Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады	(мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады.
	Дене шынықтыру	Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді. Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады.	Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады.
Әлеуметтік-саясаттану және қоршаған орта	Әлеуметтану	Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді; базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады.	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
	Саясаттану	Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады. Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі.	
	Психология	Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді. Діни тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады.	
	Мәдениеттану	Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді. Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті проблемаларды айқындайды.	

	Экология және өмір қауіпсіздігі	Адам өміріндегі қауіп-қатерлерден сақтану жолдарын игереді. Табиғи және техногенді апаттардан қорғанудың негізгі тәсілдерін біледі; қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады, сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді.	Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады.
Дін тарихы және әлеуметтануы	Діндер тарихы	Діндердің тарихын, зерттеуде қолданылатын әдістемелерді игереді; Діни мәтіндерді интерпретациялауға қабілетті болады. Діндердің пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады.	Жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, діндер тарихын салыстырмалы түрде зерттеуге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Дін әлеуметтануы	Білімгерлер дін әлеуметтануымен, оның негізгі ұғымдары және әдіснамалық ұстанымдарымен танысады. Діннің классикалық және қазіргі теорияларын игеріп, оның эмпирикалық зерттеулерінің әдістері мен маңызды нәтижелерін меңгереді. Осы сала бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесін өз бетінше қорытындылап, талқылап, өңдеп, жалпылай біледі.	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіледі.
Мамандыққа кіріспе	Құран Кәрім	Интерпретациялау секілді практикада жиі кездесетін мәселелерді мейлінше жетілдіріп; араб тіліндегі Құранды түпнұсқадан оқуға қабілетті болады. Құран оқу қағидалары мен ережелерін үйренеді; тәжуид қағидаларына сәйкес оқуды	Аудио-видео материалдар, топпен жұмыс жасау, теориялық курсты оқытуда синхронды әдістер негізге алынады.

		игереді.	
	Дінтануға кіріспе	Дінтанудың маңыздылығын, қоғамда алатын орнын, қолданатын әдістерін, тарихы мен салаларын игеріп шығады. Діннің теориялық мазмұнын меңгереді; діннің тарихи түрлерін біледі; дәстүрлі діндерден саяси және экстремистік діндерді айыра білуді меңгереді.	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Оқу практикасы	Оқу тәжірибесінен өткен білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс материалдар қорының іс жүзіндегі қолданысын көріп, игеріп шығады. Бекітілген практика базаларында оқу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтайды.	Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
	Ислам теологиясы	Ислам дінінің сенім негіздерін, ислам теологиясына қатысты негізгі мәселелер мен оларды ғылыми тұрғыда қарастыруды меңгереді.	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Араб тілі	Арабша сөйлемдерге грамматикалық кешенді талдау жасап, сөйлем құрылымының мағынасын араб тілінде түсіне алады. Пәндік тарихты игеріп, пәннің жаңашыл заманауи даму барысын қадағалай біледі.	Пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру.

Адам және қоғам өміріндегі дін	Дін философиясы	Дін туралы философиялық түсініктердің даму тарихы мен діннің заманауи негізгі философиялық концепцияларын меңгеріп шығады. Діни ілімдердің мазмұнын, діннің даму тарихын, алуан түрлі концепциялардың теологиялық принциптерін, сакралдық канондық мәтіндерді меңгеріп, оларды заманауи тұрғыдан түсіндірудің әдістері мен тәсілдерін игеріп шығады.	Пәнді жүргізу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Діни антропология	Дін мен антропологияның мәндік және функционалдық сипаттамасын анықтай алады. Әлемдік және дәстүрлі діндердегі адам проблемасы туралы көзқарастарға талдау жасай алады. Қазіргі кезеңдегі діни антропологияның ұғымдық аппаратын меңгеріп шығады.	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Дін психологиясы	Дін психологиясының өзге ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен мәнін, оның объектісі, пәні, негізгі ұғымдарын игереді. Діни сана, діни тәжірибе, дінтанулық пен дінді ауыстыру мәселелеріне психологиялық талдау жасауға машықтанады.	Кейс-стади, тренинг элементтері қолданылады.
Кәсіби шет тілдері	Кәсіби бағытталған шет тілі / Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі	Білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдай және пайдалана алады. Өртүрлі тақырыптар аясында коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады.	Грамматикалық, фонетикалық құбылыстарға компаративті анализ жасау, шет тілінде тұрмыстық тақырыпта қарым-қатынас орнату, шет тілінде ақпаратты қабылдай алу, әр түрлі тақырыптар ауқымында еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыратын әдістер

	Дінтанулық сараптама/Европадағы ислам өркениеті	Қоғамдағы, ғылымдағы өзекті мәселелерге дінтанулық сараптама жасауға қабілетті болады. Пәнді толық игерген білімгер Европадағы ислам тарихын кезеңдерге бөле алады. Ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады.	қолданылады. Тарихи тақырыптардың шеңберінде ғана қалып қоймас үшін ислам тарихындағы жетістіктер мен қателіктерді күніміздегі жағдаяттармен салыстыра отырып дискуссия жасау әдістері басшылыққа алынады.
Мәдениет тарихындағы дін	Яһудилік және христиандық тарихы/Христиан теологиясы	Яһудилік пен христиандықтың тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді; яһудилік пен христиандықтың пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады. Теологияның генезисін және оның өз алдына дербес ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді меңгереді.	Жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады.
	Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті/Еркін ойлау тарихы	Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениетіне кеңінен тоқталып, қалыптасу мен дамуы тарихына талдау жасай алады.	Гуманитарлық ғылым саласындағы жалпы әдістерді қолданумен қатар, білімгердің дүниетанымын кеңейту мақсатында, өз ойын еркін жеткізу, сабақта немесе қоғамда белсенді болу үшін дебат, ашық сабақтар жүргізіледі.

	Мораль және дін/ Қазіргі мемлекеттегі дін	Діни тәжірибеде моралдық (этикалық) қағидалардың ерекшеліктерін пайымдау арқылы қалыптасқан қарым-қатынастағы әдістемелерді игереді. Мемлекет және дін қатынастарының даму тарихын, негізгі бағыттары мен принциптерін аша алады. Әлемдік діндердің діни әдептілік қағидаларының этикалық негіздерін талдау арқылы өзіндік таным-түсінік қалыптастырады.	Курсты оқыту барысында функционалдық-құрылымдық және жүйелі талдау тәрізді жалпы ғылыми әдістермен қатар кейстік және кросс-құқықтық сараптау сияқты жеке ғылыми әдістер де қолданылады. Бұл білім алушыға әртүрлі діни-құқықтық мәселелерді сындарлы талдау және жүйелі пікір айту мүмкіндігін қалыптастырады.
	Постсекулярлы қоғамдағы дін/ Эзотериялық ілімдер	Қазіргі қоғамдағы діннің орны мен азаматтардың діндарлық деңгейіне қатысты дін әлеуметтануындағы жаңа зерттеулермен таныстыру арқылы Қазақстан қоғамындағы діннің орны мен рөлін анықтауға дағдыландыру. Постсекулярлы қоғамдағы діннің рөлі мен діндарлық деңгейін түсіндіру күзіретіне ие болады.	Жалпы ғылыми және педагогикалық тәсілдермен қатар каузальді және структуралық-функционалдық талдау, тарихи типологиялық әдістер қолданылады.
Тарих және тіл	Эстетика және діни өнер/Дін және өнер	Діни тәжірибеге эстетикалық тәсілді қолдану ерекшеліктерін түсіну үшін қалыптасқан әдістемелерді игереді. Діни өнер туындыларын қабылдап, оны интерпретациялауға қабілетті болады. Әлемдегі діндердің түрлі өнер салаларына әсерін, ықпалын зерделеп, соның негізінде өнер туындыларындағы діни мотивтерді айқындап, сипаттай алады.	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістермен қатар, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, өнер туындыларын тамашалау, эстетикалық түйсікті, қабылдауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Салыстырмалы	Орта Азиядағы христиандық	Жалпы және жеке

	дінтану/ Орта Азиядағы христиандық тарихы	тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді; Орта Азиядағы христиандық пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады. Теологияның генезисін және оның өз алдына дербес ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді меңгереді.	ғылыми әдістер, салыстырмалы, каузалды, герменевтикалық әдістер және оқытудан тыс түрлі әдістер орындалады.
	Кәсіби бағытталған араб тілінің практикалық курсы/ Дінтанушыларға арналған ағылшын тілі	Араб тіліндегі мәтіндерді сараптау барысында араб тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін игеріп, сөз мағынасын ажырата біледі. Тілдік шеберліктерді пән ретінде таңдаудың мақсаты мен міндеттерін игереді. Араб тіліндегі арнайы мәтіндерге практикалық талдау жасай алады.	Лингвистикалық, ұлттық-мәдени, коммуникативті, прагматикалық қасиеттерді ескере отырып, шет тіліндегі мәтіндерді дискурсивті талдау әдістерін игереді.
Дін және әдістеме	Қазақстандағы ислам /Орталық Азиядағы суфизм	Қазақ жеріне ислам дінінің келу, таралу және орнығу кезеңдері мен қазақ топырағындағы мұсылманшылықтың ерекшеліктеріне қатысты білімге ие болады. Қазіргі Орталық Азия елдеріндегі сопылық тариқаттарының қалыптасуы мен қазіргі жағдайына қатысты ақпарат жинап, салыстырмалы талдау жасай алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (анкета, презентация, кейс-стади, сын тұрғысынан ойлау, «миға шабуыл», топпен жұмыс т.б.) және де білімгерлердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	Дінтануды оқыту әдістері және мектеп курсының негіздері / Қазақстан	Дінтану пәнін оқыту ерекшеліктері мен айырмашылықтарын тани отырып, педагогикалық қасиеттері қалыптасады. Қазақстан	Психологиялық және педагогикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында білімгерлерді

	Республикасын- дағы діни ұйымдар	Республикасындағы мемлекет және діни бірлестіктер қарым-қатынасының құқықтық аспектілерін игереді.	бағыттау, практикалық баулу іске асырылады.
Дін және дәстүр	Қазақ салт дәстүрлері/ Шешендік өнер	Білім алушыларды тұтас жүйе санатындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетімен, дәстүрлі дүниетанымы моделі ерекшелігімен танысу. Қазақтың мәдени және тарихи мұрасын қадірлеуге саятын азаматтық көзқарас қалыптастыру. Қазақ салт дәстүрінің шығу тарихын меңгеріп, күнімізде қалай көрініс тапқандығын үйрету. «Шешендік өнер» пәнін оқыту барысында шешендік өнердің тарихи орнына ғылыми тұрғыдан баға беріледі. Риторика ғылымының қалыптасу факторларына тоқталып, қазақ шешен-билерінің қоғамдағы орнына, саяси- әлеуметтік маңыздылығына мән беріледі. Сабак барысында студенттің сөйлеу мәдениетін жетік меңгеріп, шебер сөйлеу дағдысы қалыптасады. Би- шешендердің сөздерін жаттап, танымдық, шығармашылық қабілеттері артады.	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар/ Қазақстандағы діни басылымдар	ҚР діни сенім бостандығын жүзеге асыру теориясы және практикасын зерттеу арқылы, аналитикалық қабілетке ие болады. Пәнді игеру нәтижесінде түрлі діни басылымдар және ақпараттық нысандар саласындағы мәселелерді жинақтау, топтастыру және ықшамды түрде жеткізу, талдау қабілетін меңгереді.	Курсты жүргізуде пікір алмасу, семинар, пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, интерактивті әдістер қолдану арқылы, мақсатты нәтижелерге қол жеткізіледі.
	Жеке тұлға психологиясы/ Діндегі деструктивтілік	Деструктивтілік, терроризм, экстремизм ұғымдарының пайда болуы, дамуы, қазіргі кейіптері, түрлі көріністері	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданылуымен

	және терроризм мен экстремизм психологиясы	жайлы теориялық негіз қалыптастыру арқылы дінтанулық сараптама жасауға бейімделу. Психологиялық тұрғыда талдау жасауға дағдылану.	қатар, білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіледі.
	Хадис іліміне кіріспе/ Діни мәтін герменевтикасы на кіріспе	Хадис мәтіндерінің мәні мен ерекшеліктерін, діни мәтіндерді зерттеу мен түсіндірудің негізгі тәсілдерін, мәтіндерді түсіну үшін қажетті терминологиялық аппаратты қалыптастырады.	Мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.
Діни қозғалыстар мен феноменология	Дін феноменологиясы	Дін феноменологиясының қалыптасуы мен даму тарихын біледі. Дін феномендерін, діни қызмет формаларын, олардың сенімдерін жіктеуді үйренеді. Феноменологиялық әдіс ерекшеліктерін негіздеуді меңгереді.	Дін феномендерін тануды, феноменологиялық зерделеу жасауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	Білім алушы жаңа терминдерді біліп, жаңа діни ағымдарға классификация жасауды меңгереді. Сонымен қатар, білімгер жаңа діни ағымдарды зерттей отырып, тарихы терең әлемдік және ұлттық діндердің қоғамдағы рөліне баға бере алады; Жаңа діни культтерді топтастыра отырып, білімгер діндерді «секта», «деноминация», «конфессия» сияқты категорияларға бөле алады.	Сабақ барысы қызықты әрі пайдалы болу үшін секталар мен діни культтерге қатысты видеолар көрсетіліп, олардың діни кітаптары мен символдары пайдаланылады. Нақты статистикалық ақпаратқа қол жеткізу үшін ресми сайттар қолданылады.
	Өндірістік практика	Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді.	Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
Академиялық тіл және	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттесттау практикасында студент	Білім алушыларды диплом жұмысын

практика	практикасы	кешенді емтихан тапсырады және диплом жұмысының тақырыбына байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады. Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді.	жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
	Академиялық жазылым	Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін меңгереді. Ғылыми басылымдарға зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялаудың жолдарын, талаптарын, кезеңдерін біліп шығады.	Сабақта белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
	Араб тілі 2	Араб тіліндегі мәтіндерді сараптау барысында араб тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін игеріп, сөз мағынасын ажырата біледі. Тілдік шеберліктерді пән ретінде таңдаудың мақсаты мен міндеттерін игереді. Араб тіліндегі арнайы мәтіндерге практикалық талдау жасай алады.	Лингвистикалық, ұлттық-мәдени, коммуникативті, прагматикалық қасиеттерді ескере отырып, шет тіліндегі мәтіндерді дискурсивті талдау әдістерін игереді.
Құқық және педагогика негіздері	Ислам құқығы/ Қазіргі ислам құқығының мәселелері	Қазіргі ислам құқығы тақырыптары негізінде адамгершілік сияқты рухани құндылықтарды анықтай алады және адамдарға оң әсер ету жолдарын таңдай біледі. Құқықтық мектептер қарастырған тақырыптар бойынша заманауи мәселелер төңірегінде өзіндік ой қалыптастырады. Қазіргі заманғы діни мәселелерді Ислам құқығындағы тақырыптармен салыстыра біледі.	Салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
	Діни фундаментализм және	Курста студенттерге діни фундаментализм және модернизм ұғымы, басты	Әр түрлі форматтағы рөлдік ойындар, кейс жобалар әдісі,

	модернизм/ Батыс қоғамындағы исламофобия	ерекшеліктері, діни фундаментализм және модернизмге қатысты дін әлеуметтануы зерттеулеріндегі теориялар, тарихи бастаулары ұсынылады. Әлемдік діндердегі діни фундаментализм және діни модернизм құбылыстары талданады. Діни фундаментализм исламофобияны күшейтуші фактор ретінде сараланады. Секуляризация және діни модернистік құбылыстар қарастырылады.	шағын топтармен жұмыс, пікірталас әдістері қолданылады.
Ғылым және философия	Ислам философиясына кіріспе/ Ғылым және дін	Ислам философиясы қарастырған кәлем ілімі, сонымен қатар перипатетикалық идеяларды пайымдау негізінде қалыптасқан құзіретті сенім мәселесіне қатысты ілімдерді игереді.	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
Мазһаб және діни дәстүр	Мазһабтар тарихы/ Ислам тарихы	Исламдағы құқықтық, кәлемдық және саяси мәзһабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады; ислам тарихында династиялық басқару кезеңдері, олардың мемлекеттік құрылымдары мен мәдени деңгейлеріне пікірталас жүргізе алатындай білімге ие болады; ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады.	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, миға шабуыл, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.

	Қазақ ойшылдары дін туралы/ Орта Азиядағы ислам тарихы	Қазақ ойшылдарының діни тұжырымдарының қалыптасуы мен ой-тұжырымдардың ерекшеліктеріне тоқталып, алғышарттарымен танысады. Орта Азия аумағындағы исламның таралу тарихын кезеңдендіріп, салыстырмалы-тарихи сараптама ұсына алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
Қорытынды аттестация	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	Диплом жұмысын талаптарға сай рәсімдеуді, тараулар мен бөлімдерге сай мәліметтерді бере алуды меңгереді. Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады. Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады.	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
НҚ1		+			+				+	
НҚ2			+	+					+	
НҚ3		+		+						+
НҚ4					+	+	+			
НҚ5	+							+		
НҚ6	+					+				
НҚ7								+		+
НҚ8			+					+		+

НҚ – Негізгі құзіреттіліктер

ОН – Оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән коды	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Оқыту нәтижелері
1 семестр						
1	KT 1101	Қазақстан тарихы	ЖБП / МК	МЕ	5	ОН6 ОН10
2	ShT 1103	Шетел тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН7
3	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 3
4	DSh 1106	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	диф. сынақ	2	ОН2
5	Ale 1107	Әлеуметтану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН6
6	Saya 1107	Саясаттану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН6
7	Psi 1107	Психология	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН2 ОН5
8	Mad 1107	Мәдениеттану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН1 ОН6
9	DK 1204	Дінтануға кіріспе	БП/ЖК	емтихан	3	ОН1 ОН2
10	ArT 1207	Араб тілі	БП/ЖК	емтихан	3	ОН3
Қорытынды					31	
2 семестр						
1	ShT 1103	Шетел тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН7
2	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН3
3	DSh 1106	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	диф. сынақ	2	ОН2
4	EOK 1108	Экология және өмір қауіпсіздігі	ЖБП / ЖК	емтихан	5	ОН2 ОН9
5	DT 1201	Діндер тарихы	БП/ЖК	емтихан	4	ОН1 ОН9
6	OP 1205	Оқу практикасы	БП/ЖК	есеп	1	
7	IsT 1206	Ислам теологиясы	БП/ЖК	емтихан	3	ОН9 ОН10
8	ArT 1207	Араб тілі	БП/ЖК	емтихан	4	ОН3 ОН9
Қорытынды					29	
3 семестр						
1	Fil 2102	Философия	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН2 ОН6
2	ICT 2105	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН3
3	DSh 2106	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	диф. сынақ	2	ОН2

4	DA 2202	Дін әлеуметтануы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2 ОН6
5	KK 2203	Құран Кәрім	БП/ЖК	емтихан	3	ОН1 ОН9
6	MD 2215 KMD	Мораль және дін/ Қазіргі мемлекеттегі дін	БП/ТК	емтихан	5	ОН1 ОН2
7	KBATPK 2219 DAAT	Кәсіби бағытталған араб тілінің практикалық курсы/ Дінтанушыларға арналған ағылшын тілі	БП/ТК	емтихан	5	ОН3 ОН7 ОН9
Қорытынды					30	
4 семестр						
1	DSh 2106	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	диф. сынақ	2	ОН2
2	DAnt 2209	Діни антропология	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2 ОН5 ОН6
3	DP 2210	Дін психологиясы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН2 ОН4
4	EDO 2217 DO	Эстетика және діни өнер/Дін және өнер	БП/ТК	емтихан	3	ОН1 ОН5
5	SD 2218 OANT	Салыстырмалы дінтану/ Орта Азиядағы христиандық тарихы	БП/ТК	емтихан	5	ОН1 ОН7
6	ArT 2306	Араб тілі 2	Беп/ЖК	емтихан	5	ОН3 ОН7 ОН9
7	IsFK 2309 GD	Ислам философиясына кіріспе/ Ғылым және дін	Беп/ТК	емтихан	5	ОН1 ОН9
Қорытынды					30	
5 семестр						
1	DF 3208	Дін философиясы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН5
2	YaHT 3213 HT	Яһудилік және христиандық тарихы/ Христиандық теология	БП/ТК	емтихан	5	ОН1 ОН4
3	TIsMTM 3214 EOT	Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті/ Еркін ойлау тарихы	БП/ТК	емтихан	5	ОН6 ОН7
4	PKD 3216 EI AM 3222	Постсекулярлы қоғамдағы дін/Эзотериялық ілімдер/ Аударма мәселелері	БП/ТК	емтихан	5	ОН6 ОН7

		(Майнордың 2-ші пәні)				
5	KIs 3220 OAS ZhAP 3221	Қазақстандағы ислам/Орталық Азиядағы суфизм/ Жазбаша аударма практикасы (Майнордың 1-ші пәні)	БП/ТК	емтихан	5	ОН9 ОН10
6	MT 3310 IT	Мазһабтар тарихы /Ислам тарихы	БеП/ТК	емтихан	5	ОН9 ОН10
Қорытынды					30	
6 семестр						
1	DOAMKN 3221 KRDU	Дінтануды оқыту әдістері және мектеп курсының негіздері/ Қазақстан Республикасындағы діни ұйымдар	БП/ТК	емтихан	5	ОН8 ОН2
2	DFen 3301	Дін феноменологиясы	БеП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН5
3	KDKK 3302	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	БеП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН4
4	OnP 3303	Өндірістік практика	БеП/ЖК	есеп	5	
5	DFM 3308 BQI	Діни фундаментализм және модернизм/ Батыс қоғамындағы исламофобия	БеП/ТК	емтихан	5	ОН3 ОН7
6	KODT 3311 OAIcT BAKTA 3306	Қазақ ойшылдары дін туралы/ Орта Азиядағы ислам тарихы/ Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы (Майнордың 3-ші пәні)	БеП /ТК	емтихан	5	ОН1 ОН7
Қорытынды					30	
7 семестр						
1	KBShT 4211 KOAT	Кәсіби бағытталған шет тілі/Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі	БП/ТК	емтихан	5	ОН3
2	DS 4212 EIO	Дінтанулық сараптама/Еуропадағы ислам өркениеті	БП /ТК	емтихан	5	ОН9
3	DMZ 4223 KDB	ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар/Қазақстандағы діни басылымдар	БП/ТК	емтихан	5	ОН4 ОН7
4	JTP 4224 DDTER	Жеке тұлға психологиясы/ Діндегі деструктивтілік және	БП/ТК	емтихан	5	ОН2 ОН4 ОН9

		терроризм мен экстремизм психологиясы				
5	HIK 4225 DMGK	Хадис іліміне кіріспе/ Діни мәтін герменевтикасына кіріспе	БП/ТК	емтихан	5	ОН9 ОН10
6	OnP 4303	Өндірістік практика	БеП/ЖК	есеп	5	
Қорытынды					30	
8 семестр						
1	QSD 4222 ShO	Қазақ салт-дәстүрлері/ Шешендік өнер	БП/ТК	емтихан	3	ОН1 ОН5
2	OnP 4303	Өндірістік практика	БеП/ЖК	есеп	3	
3	QAP 4304	Қорытынды аттестаттау практикасы	БеП/ЖК	есеп	4	
4	AZh 4305	Академиялық жазылым	БеП/ЖК	емтихан	4	ОН7
5	IK 4307 KIsKM	Ислам құқығы/Қазіргі ислам құқығының мәселелері	БеП /ТК	емтихан	4	ОН9 ОН10
6	DJQ	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру		ДЖ қорғау немесе кешенді емтихан	12	ОН7 ОН8 ОН9
Қорытынды					30	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ					240	